

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тарих факультеті

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде
Хаттама № 2 «29 қыркүйек» 2025 ж.
Факультет деканы Байгунаков Д.С.



**«БІЛІМДІ БАСҚАРУҒА КІРІСПЕ» ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы

5 кредит

Алматы, 2025

Емтихан бағдарламасын «7M03206 – Кітапханалық ақпараттық жұмыс мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.


Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды

«_27_»_09_2025 ж., хаттама №_1_

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша академиялық комитеттің төрайымы

«_05_»_09_2025 ж., хаттама №_1_



Бижанова М.Т.

«БІЛІМДІ БАҚАРА»
КОРПОРАЦИЯСЫ

7M03206 – Кітапханалық ақпараттық жұмыс мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылаужүргізу нысаны – Ауызша Ауызша

емтихан: дәстүрлі-сұрақтарғажауаптар Сұрақтар Univer жүйесіне енгізіледі.

Емтихан форматы-офлайн.

Курс: Магистратура – 2 курс

Бейнежазбаның болуы – бар

Магистратура білім алушылары үшін (пәндіжүргізетін оқытушы қабылдайды).

Емтихан өткізуді бақылау:

- емтиханның бейне жазбасы жүргізеді, Ұзақтығы:

Дайындық уақыты- 7-10 минут

Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Өткізу регламенті

1. Емтихан магистрантар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіскесте бойынша өткізіледі.

Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

2. Емтихан кестесі белгілі болған кезде, Univer жүйесіне "пән бойынша қорытынды емтихан" ... құжатын PDF форматында орналастырылады. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады.

Тек қорытынды емтихан бағдарламасы жазылады.

*Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

«БІЛІМДІ БАСҚАРУҒА КІРІСПЕ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Білімді басқаруға кіріспе: ұғымы, тарихы, қажеттілігі.

Білімді басқарудың анықтамасы: Білімді басқару (Knowledge Management) – бұл ұйым ішіндегі білім мен тәжірибені анықтау, жинау, сақтау, бөлісу және тиімді пайдалану процесі. Оның басты мақсаты – ұйымның интеллектуалдық әлеуетін арттыру және шешім қабылдау сапасын жақсарту.

Тарихы: Білімді басқару тұжырымдамасы ХХ ғасырдың соңында қалыптасты. 1990 жылдары ақпараттық қоғам мен білім экономикасының дамуы нәтижесінде «білім – негізгі ресурс» деген көзқарас кеңінен тарады. Nonaka мен Takeuchi ұсынған SECI моделі білімнің айналымдық табиғатын көрсетіп, теориялық негізін қалады.

Қажеттілігі: Қазіргі ұйымдарда ақпарат пен білім көлемі артып келеді. Оларды жүйелі түрде басқару – инновацияның, тиімділіктің және бәсекеге қабілеттіліктің кепілі. Білімді басқару ұйым мәдениетін нығайтады және қызметкерлер арасындағы өзара тәжірибе алмасуды дамытады.

Ақпарат пен білім арасындағы айырмашылықтар және өзара байланыстар.

Ақпараттың анықтамасы: Ақпарат – құрылымдалған деректер жиынтығы. Ол белгілі бір мағына бермейді, тек контекст арқылы мәнге ие болады.

Білімнің анықтамасы: Білім – адамның тәжірибесі мен түсінігі арқылы алынған, шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мағыналы ақпарат.

Айырмашылықтар:

- Ақпарат – не туралы; білім – қалай және не үшін.
- Ақпарат пассивті, білім – белсенді, қолданбалы сипатта.
- Ақпарат – дерек көзінде сақталады, білім – адамның санасында және тәжірибесінде өмір сүреді.

Өзара байланысы: Ақпарат – білімге айналуының алғашқы кезеңі. Ақпарат талданғанда, тәжірибемен біріктірілгенде білім пайда болады. Кері байланыс кезінде білім жаңа ақпаратты түсінуге ықпал етеді.

Білім түрлері: айқын (explicit) және жасырын (tacit) білім.

Айқын білім (Explicit Knowledge): Құжаттарда, нұсқаулықтарда, дерекқорларда сақталатын, сөзбен немесе жазбаша түрде жеткізуге болатын білім. Мысалы, кітаптар, мақалалар, ережелер, оқулықтар.

Жасырын білім (Tacit Knowledge): Адамның тәжірибесіне, түйсігі мен дағдысына негізделген, сипаттау қиын білім түрі. Ол көбінесе практика арқылы беріледі (мысалы, шебердің іс-тәжірибесі, интуиция).

Айқын және жасырын білімнің өзара әрекеттесуі: Nonaka–Takeuchi SECI моделі бойынша білім әлеуметтік өзара әрекет (Socialization), сыртқа шығару (Externalization), біріктіру (Combination), және ішкі сіңіру (Internalization) кезеңдері арқылы айналып отырады.

Білімді басқарудың теориялық модельдері мен әдіснамалық негіздері.

Негізгі модельдер:

- **SECI моделі (Nonaka & Takeuchi):** білімнің айналым процестерін сипаттайды.

- **Wiig моделі:** білімді тиімді пайдалану мен құрылымдауға негізделген.

- **Davenport & Prusak моделі:** білімді жинау, сақтау және қолдану кезеңдерін айқындайды.

Әдіснамалық негіздер: Білімді басқару жүйелік, процессуалдық, әлеуметтік және технологиялық тұрғыдан қарастырылады.

- **Жүйелік тәсіл:** білім ұйымның барлық элементтеріне әсер етеді.

- **Процессуалдық тәсіл:** білім үздіксіз қозғалыста болады.

- **Әлеуметтік тәсіл:** білім адамдардың қарым-қатынасында пайда болады.

Білімді құру, сақтау, тарату және қолдану процестері.

Білімді құру: Жаңа идеялар мен инновациялар негізінде пайда болады. Бұл зерттеу, тәжірибе, талдау және шығармашылық нәтижесі.

Білімді сақтау: Құжаттау, репозиторийлер, деректер базалары арқылы жүзеге асады. Бұл кезеңде білім жоғалмауы және қолжетімді болуы маңызды.

Білімді тарату: Ұйым ішінде семинарлар, тренингтер, ортақ желілер, корпоративтік порталдар арқылы жүргізіледі.

Білімді қолдану: Қызмет сапасын арттыру, шешім қабылдау және инновациялық өнімдер жасау мақсатында қолданылады.

Кітапхана және ақпараттық ұйымдарда білімді басқару процестерін ұйымдастыру.

Кітапханалардағы рөлі: Кітапханалар ақпараттық және білімдік орталық ретінде білімді сақтау, бөлісу және таратудың басты алаңы болып табылады.

Басқару процестері:

- Электронды каталогтар мен дерекқорлар құру;

- Цифрлық репозиторийлерде ғылыми еңбектерді сақтау;

- Қызметкерлер мен пайдаланушылар арасында білім алмасу жүйесін қалыптастыру.

Мақсат: Білім ресурстарын тиімді басқару арқылы оқырмандар мен зерттеушілердің қажеттіліктерін жылдам қанағаттандыру.

Білімді басқару стратегиялары: технологияға және адамға бағытталған тәсілдер.

Технологияға бағытталған тәсіл: Ақпараттық жүйелер мен технологиялар арқылы білімді сақтау және бөлісу. Мысалы: деректер базалары, бұлтты қызметтер, KMS жүйелері.

Адамға бағытталған тәсіл: Ұйым мәдениетін, ынтымақтастық пен коммуникацияны дамыту арқылы білім алмасуды арттыру. Негізгі элементтері – көшбасшылық, мотивация және сенім.

Екі тәсілді біріктіру: Тиімді білімді басқару үшін технологиялық құралдар мен адам факторын үйлестіру қажет.

Білімді басқару жүйелері (Knowledge Management Systems – KMS).

Анықтамасы: Білімді жинақтау, сақтау, іздеу және таратуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

Құрылымы:

- Деректер қоймасы (мәліметтер қоры, репозиторийлер);
- Іздеу және индекстеу модулі;
- Пайдаланушы интерфейсі;
- Бөлісу және коммуникация құралдары.

Қызметтері: Білімді сақтау, индекстеу, іздеу, бөлісу және талдау. KMS ұйымның зияткерлік капиталын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Цифрлық репозиторийлер және ашық білім платформаларының мүмкіндіктері.

Цифрлық репозиторийлер: Бұл – ұйым ішіндегі немесе жаһандық деңгейдегі білім қорларын (ғылыми мақалалар, диссертациялар, оқулықтар) сақтау мен тарату жүйесі. Мысалдар: DSpace, EPrints, Zenodo.

Ашық білім платформалары: Coursera, edX, OpenLearn сияқты онлайн жүйелер. Олар білімнің кең аудиторияға қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Мүмкіндіктері:

- Ғылыми ақпаратты ашық сақтау;
- Зерттеу нәтижелерін тарату;
- Білімге тең қолжетімділік қамтамасыз ету;
- Кітапханалардың цифрлық трансформациясына ықпал ету.

Жасанды интеллект, үлкен деректер (Big Data) және олардың білімді басқарудағы қолданылуы.

Жасанды интеллект (AI): Білімді басқаруда ақпаратты автоматты талдау, жіктеу және болжау үшін қолданылады. Мысалы, интеллектуалды іздеу жүйелері мен ұсыныс алгоритмдері.

Үлкен деректер (Big Data): Білім көздерінен алынған үлкен көлемді деректерді өңдеу және талдау арқылы жаңа білім алу мүмкіндігін береді.

Қолданылуы:

- Пайдаланушылар сұранысын болжау;
- Ақпарат ағындарын автоматты түрде талдау;
- Зерттеу үрдістерін анықтау;
- Кітапханалық қызметтерді жекелендіру.

Маңызы: AI мен Big Data білімді басқаруды автоматтандырады, шешім қабылдауды жеделдетеді және ақпарат сапасын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақпараттандыру туралы: Қазақстан Республикасы Заңы. 2007 ж. 11 қаңтар.// ҚР Парламентінің жаршысы.- 2017.-№2.-120 б.
2. Ақшал М.А. Кітапхананың библиографиялық қызметі: оқу құралы/ М.А. Ақшал. - Алматы: «Нұрлы Әлем» басп., 2019.-120 б.
3. Досумбекова А.Г. Ақпараттық мәдениет: Оқу құралы./А.Г. Досумбекова, Р.Б. Айтиева, Г.И. Нұржанова. - Алматы, 2003ж.
4. Бекова С.М. Ақпараттық мәдениет негіздері: Оқу құралы/С.М.Бекова, Р.И.Якупова, Г.Н.Тастанбекова.-Алматы:Бастау баспасы.-2017.-232

Шетел авторларының еңбегі:

5. Абгарян А. Комплектование делает ставку на глобальную сеть.// Библиотека.-2017, №12.- с. 26
6. Захаров А. Электронные документы: способы и формы предоставления // Библиотека. 2018. - № 11. - С. 29-31.
7. Земсков А.И. Электронные библиотеки как элемент информационного общества // Науч. и техн. б-ки. 2017. - № 6. - С. 5-15.
8. Степанов В.К. Электронные библиотеки и полнотекстовые базы данных в Интернете // Библиотековедение. 2019. - № 2. - С. 45-53.
9. Сукиасян Э.Р. Электронные каталоги // Библиотека. 2017. - № 3. - С. 31-33.
10. Столяров Ю.Н. Документный ресурс : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Ю.Н. Столяров. М. : Либерия, 2018. - 152 с.

**«Білімді басқаруға кіріспе» пәні бойынша қорытынды емтиханды
бағалау рубрикаторы
АУЫЗША ОФЛАЙН/ ОНЛАЙН**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР			
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
	90-100 % (27- 30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15- 20 балл)	25–49% (8-14 балл)
1-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл	Студент сұрақтың мазмұнын толық және тұтастай ашады. Курстың негізгі теориялары мен ұғымдарын дұрыс пайдаланады. Түсіндіру ғылыми тілде жүргізіледі, барлық терминдер орынды және дәл қолданылған. Мазмұн құрылымды, логикалық байланыс сақталған. Қажетті жерлерде нақты мысалдар келтірілген. Қорытындысы айқын, ғылыми және логикалық түрде жасалған..	Сұрақтарға негізінен дұрыс жауап береді, бірақ кейбір ұғымдар мен тұжырымдар үстірт немесе толық ашылмаған. Мысалдар аз немесе жартылай келтірілген. Курстың негізгі идеялары қамтылғаным ең, кейбір терминдер мен анықтамаларда дәлсіздіктер бар. Жалпы логика сақталған, тілдік құрылымда аздаған кемшіліктер кездеседі.	Студент тақырыпты ішінара түсінеді. Жауаптар үзік-үзік және жүйесіз берілген. Негізгі ұғымдар мен терминдер кейде дұрыс қолданылмайды немесе шатастырылады. Мысалдар келтірілмеген, қорытынды толық емес. Түсіндірмелерде грамматикалық және мазмұндық қателіктер байқалады.	Студент сұрақтың мазмұнын түсінбеген немесе толық ашпаған. Негізгі терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолданбайды. Жауаптар құрылымсыз, логикасы бұзылған, мазмұны анық емес. Презентация мен жазу стилі ғылыми талаптарға сай емес. Қорытынды жоқ немесе сұрақ мазмұнымен байланысты емес.
2-сұрақ Курстың	Студент курстың әдіснамалық	Жауаптың мазмұны негізінен	Курстың теориясы мен әдіснамасы толық	Жауапта курстың теориясы мен әдістемесі

<p>теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну, таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану 30 балл</p>	<p>және технологиялық мазмұнын терең түсінеді. Теорияны нақты мысалдармен байланыстырып, практикалық қолдануын көрсетеді. Курстың маңызды бөліктерін толық қамтиды. Жауап логикалық және құрылымды, талдауы терең. Пәнаралық байланыстар орнатылған, өзіндік көзқарас пен талдау бар.</p>	<p>дұрыс, бірақ кейбір тұжырымдар жеткіліксіз дәлелденген. Практикалық мысалдар бар, бірақ терең талданбаған. Әдіснамалық аспектілер ескерілгенімен, кейбір маңызды байланыстар назардан тыс қалған. Жалпы түсінік дұрыс, бірақ логикалық құрылым әлсіз.</p>	<p>қолданылмаған. Талдау үстірт және жүйесіз. Негізгі ұғымдар көрсетілгенімен, олардың өзара байланысы ашылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе нақты емес. Кейбір жауаптарда қателіктер бар, студент өз бетінше шешім таба алмайды.</p>	<p>қолданылмаған. Студент материалды түсінбегенін көрсетеді. Талдау мен мысалдар жоқ. Ой жүйесіз, логикалық және құрылымдық байланыстар сақталмаған. Көптеген мазмұндық және әдістемелік қателіктер бар.</p>
<p>3-сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу 40 балл</p>	<p>Студент сұраққа жан-жақты жауап береді, өз пікірін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Қорытындысы логикалық, нақты және теориямен үндес. Білімді интеграциялау мен салыстырмалы талдау жасай</p>	<p>Қорытынды бар, бірақ кейбір тұжырымдар үстірт баяндалған. Өзіндік пікір бар, алайда дәлелдемелер жеткіліксіз. Материалды түсінген, бірақ оны толық логикалық тұрғыда қорытындылай алмайды.</p>	<p>Қорытынды әлсіз, жалпы идея бар, бірақ талдау терең емес. Өзіндік көзқарас пен бағалау элементтері жоқ. Негізгі теориялық материал дұрыс қолданылмаған.</p>	<p>Қорытынды жоқ немесе сұрақ мазмұнымен сәйкес келмейді. Ой жүйесіз, тұжырымдар қисынсыз. Ғылыми дәлелдер мен түсініктер қолданылмаған.</p>

	алады. Ұсыныстары мен шешімдері орынды, шығармашы лық элемент байқалады.			
--	---	--	--	--